

балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни оқыту- тәрбиелеу жұмысын бағдарлама

талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті.

Түркістан облысы Шардара қаласы
«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»
бастауыш сынып мұғалімі
Сабирова Калбиби Сабыровна

Бастауыш сыныпта қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру жолдары

Бүгінгі таңдағы еліміздің қоғамдық өміріндегі үлкен өзгерістердің бірі-білім беру саласындағы жүргізіліп отырған реформалар. Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Бағдарламада орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған.

Сабақ барысында әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарау, сыныппен жұмыс істеуде сол сынып оқушыларының білім-біліктілігін нығайтатын тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білу. Оқушының өмірде тек жеке дара емес, белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен оларды қоғамға бірден араласа білуге, айналасындағылармен тіл табыса білуге үйрететін топпен, жұппен жұмыс жасау тәсілін әрдайым сабақ барысында басшылыққа алынады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін тапсырмалар беру барысында, сыни тұрғыдан ойлауға итермелеу, оларды өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Жұптағы, топтағы өз достарымен әңгімелесе

отырып, қалай оқу керектігін үйренген балада сыни тұрғыдан ойлау көзқарасы дамиды. Талантты, дарынды балалардың бойында ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жетілдіру қажет.

Кезінде өзіндік жұмыстың бала дамуындағы ролін жете көре білген және ол жөнінде еңбек жазған қазақ зиялыларының бірі – ағартушы ғалым А. Байтұрсынның пікірінше, бала білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алу керек. Ал мұндағы мұғалімнің міндеті – балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру, жас ерекшелігіне сай берілген тапсырмалар бірте-бірте күрделеніп отырады және қойылған мақсатқа жету үшін мұғалім бағыт-бағдарын көрсетіп отырады. «Маған айтып берсең – ұмытып қалармын, көрсетіп берсең – есте сақтармын, өзіме жасатсаң – үйреніп алармын» дегендегі өзіне жасату үшін, балалардың ойлау мүмкіндігін ең жоғары деңгейге жеткізу, яғни оны креативті ойлай білуге үйрету.

Сол себепті, барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін бағдарлама бойынша қолайлы орта жасауы керек.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі кіріктірілген білім беру. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста. Зиялы азаматты-сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Осы бағдарламаның ерекшелігі беріліп отырған пәндердің басқа пәндермен кіріктіріліп өткізілуі, оқушыны өмірге бейімдеп, білімді өздігінен алуы.

Осымен қоса білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі - ол оқушылардың жетістіктерін бағалау. Ол бағалау түрі – критериалды бағалау. Биыл осы критериалды бағалауды қолданып байқағаным, бағалар критерийлерге сәйкес жетістіктері мен деңгейлерін анық сипаттай

Тек білім алады. дағдылары, оларды ғана бағаланбайды, оларды қолдануы, ақпаратты іздеуі және пайдалануы, тілдік дағдылары, жеке және топта істеу қабілеттері бағаланады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Тәжірибе жүзіндегі қалыптастырушы бағалау.
Іріктеліп алынған оқу мақсаттарына, құрастырылған жетістік

2) *Дыбыс қалай таралады? Берілген тұжырымдарды мұқият оқыңыз. Дұрыс тұжырымдардың тұсына «+» таңбасын қойыңыз.*

Дыбыс бір бағытта ғана таралады	
Дыбыс барлық бағытта таралады	
Жақын жерден шыққан дыбыс қатты естіледі	
Дыбыс тек адам сөйлегенде ғана таралады	
Алыстан шыққан дыбыс ақырын естіледі	

Оқушылардың оқу мақсаттарына жетістіктері екі тұжырымдамен беріледі: «жетті» және «талпынады». Мұғалім оқушының қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізгендігін немесе талпынып жатқанын бағалай алады.

Қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіледі. Мұғалім оқушылардың қабілеттері немесе дағдыларының шындалғандығын бақылауға бірнеше сабағын ғана арнай алады (көп ретте бір сабақтың өзі жеткілікті). Сондықтан «жетті» деген шешім оқушы оқу мақсатын толық дәрежеде игере алды дегенді білдірмейді. Өйткені бұл жағдайда «жетті» деген шешім оқушы берілген уақыт шегінде нақты сынып, тоқсан, пән бойынша игерілген білімінен жақсы нәтиже көрсетті дегенді білдіреді. Оқу мақсатына «жетті» деген шешімді қабылдау үшін жетістік критерилері қолданылады.

Мұғалім оқушының «жетті» деген деген тұжырымдамасына жұмыстарына ескертпелер немесе мадақтау сөзін жазу тиіс (*Жарайсың! Барлық тапсырмаларды дұрыс орындадың*). Ал оқу мақсатына қол жеткізуге талпынатын оқушылар жетістікке жету үшін мұғалімнің кері байланыста көрсеткен нұсқауларын үнемі ескеріп отырғаны жөн. Оларға оқу мақсатына қол жеткізу үшін екінші мәрте мүмкіндік берілуі керек.

Мұғалім ҚБ жоспарлануы тікелей оқу мақсаттарына байланысты екенін ұмытпау керек. Мұғалім осы ҚБ – да оқушылар қандай білім алу керектігін шешіп болғаннан соң, ол оқу жоспарына сүйене отырып, тапсырмаларды ойластырады. ҚБ әртүрлі әдіс- тәсілдер арқылы өтуі тиіс. Бірқатар дағдыларды дамытып, бағалауды топтық, жұптық жұмыстар бірден – бір қолайлы тәсіл болып табылады. Мұғалім әдеттегідей оқушыларды жетістік критерилерімен таныстыруы тиіс. Осы кезде оқушылардың барлығы топта жұмыс істеп отырғаннан мұғалімге оқушылардың оқу жетістіктеріне «жетті» немесе «талпынады» деген тұжырымдаманы шығаруы қиынға түседі. Сол кезде мұғалім «бақылаушы» рөлін атқарады.

Мұғалім бақылау парағына бір белгілі таңбалар, символдар немесе геометриялық фигуралар арқылы оқушылардың іс- әрекетін, олардың айтқан сөздерін түртіп алады.

критерийлеріне, мұғалімге ұсынылған бағалауға сүйене отырып, мұғалім тапсырмаларды ойластырып оқушылармен қалыптастырушы бағалауды өткізеді.

Пәні: Жаратылыстану

Бөлімі: «Табиғат физикасы бөлімі»

Тақырыбы: Дыбыс қалай тарайды

Мақсаты: 1.5.3.1 Дыбыстың таралуының ерекшеліктерін түсіндіру.

1.5.3.2 Дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату.

Қалыптастырушы бағалауды бастамас бұрын мұғалім оқу мақсаттары мен жетістік критерилерін оқушылармен бірге талқылап алғаны дұрыс. Бұл оқушылар алдын-ала өздері қол жеткізуге тиісті дағдылар деңгейін, сол деңгейге қол жеткізу үшін талаптарды дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылар берілген тапсырмаларды орындай бастайды. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға көмек ретінде қажетті материалдарды дайындаған жөн. (суреттер, сөздіктер, сызбалар т.с.т.)

Таңбалардың анықтамасы:

● - төмен ○ - орташа ● - жоғары

№	Аты-жөні	Табиғи дыбыс көздерін ажыратады.				жасанды дыбыс көздерін ажыратады.				Дыбыстың қасиетін біледі және дыбыс көздерін анықтайды.			ескертпелер
		Адам күлкісі	Найзағайдың дыбысы	Сығардың мәңіреті	Маса ағысы	Қоян аулақ сығуы рлауы	Доғараның гүрбірі	Машинаның гүрбісі	Телефонның шырылдауы	Дыбыс барлығы бағытталмады	Жақын жердегі шыққан дыбыс қатты естіледі	Алыстағы шыққан дыбыс ақары естіледі	
1	Бексұлтан	●	●	●	●	●	●	●	●	●	●	●	
2	Нұрсұлтан	●	●	●	○	●	●	○	○	○	○	●	

Әрине, бұл жазбаны жүргізу үшін барлық оқушыларды бақылап жүруге қиын болады. Сондықтан мұғалім өзі үшін қай оқушыларды бақылайтынын анықтап атуы тиіс. Оқушылардың ҚБ бойынша алған оқу жетістіктерін ескере отырып, егер «төмен», «орташа» тұжырымдамасы қойылса, ата-аналарға осы бойынша ескертпелер жазылады. Мұғалім бұл бағалау бойынша оқушы барлық жетістік критерийін орындаған кезде ғана «жетті» деп белгітейді.

Оқыту мен оқу үдерісі аясында мұғалім оқушылардың жетістіктері мен пәнді түсіну деңгейін қалыптастырушы бағалауда үздіксіз бақылап отырады. Балалар күнделікті қалыптастырушы бағамен бағаланады – оқу бағдарламасына сәйкес сабақ беру және оқыту бөлігі ретіндегі мұғалімдердің жүргізетін ағымды бағалауы. Токсан аяғында оқу блогын оқып бітіргенде оқу дағдыларын және білімнің қалыптасқанын анықтайтын мектептердің өздері дайындап өткізетін бағалау – бұл ішкі жиынтық бағалау (бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық бойынша бағалау) Оқыту тәжірибеге бағытталған болуы қажет және ол оқушылардың білетініне қосымша жасай атуына шоғырланады. Бұл бағдарламаны тиімді жүзеге асыруда ең алдымен мұғалімнің іс – әрекеті мен бастауыш сыныптарды оқыту үдерісін терең түсінуіне байланысты болады.